

К.К. Еңсебаева ,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, ф. ф. к.,
Қазақстан, Өскемен қ, e-mail: kulash_EK9@mail.ru

ТАРИХИ РОМАН МӘТІНІНДЕГІ ПАРЦЕЛЛЯЦИЯ – ҰТЫМДЫ ТӘСІЛ

Аңдатпа. Мақалада тарихи роман мәтінінің синтаксистік құрлымының кейбір ерекшеліктері назарға алынады. Жазушы мәнерін танытатын маңызды сала стилистика мен синтаксис екені басшылыққа алынады. Тарихи романдар мәтінінде актив қолданылған синтаксистік-стильдік тәсілдің бірі – парцелляция құбылысы. Парцелляция дегеніміз – фразаны, ойды, сөйлемді бөлшектеп, соған қатысты бір сөзді, не мәтінді жеке өз алдына аулақтатып орналастыру. Жазылған мәтіннің дұрыс, адекватты түсіндірілуі қабылдаушының жоғары интеллектуалдық және эмоционалдық белсенділігіне, қабілетіне байланысты болады. Сондықтан қазіргі заманғы прагматикалық аспектідегі лингвистикалық зерттеулерде реципиенттің эмоционалдық күйін прагматикалық параметрлер қатарына жатқызуға толық негіз бар. Ғаламның бір бейнесін көрсете отырып, адамның рухани әлемі оның сөйлеу әдебінен көрінеді, тарихи романдар мәтінін талдауда коммуникативтік прагматикалық әдісті қолдануды қажет етеді. Әбіш Кекілбаев пен М. Мағауиннің шығармасы мәтінінде парцелляция арқылы белгілі бір ситуацияға екпін түсіру мақсатын көздейді. Мысалы: Ораз-Мұхамед өзінің сол жағында, әдетінше сәл қалыңқы келе жатқан Ай-Шешекке қарады. Сұлбасы ғана қарауытады. Үнсіз. Қимылсыз. Астындағы аты ғана қатарласқысы келіп, тізгінін соза тартатындай. Көк шымды солқылдата басысында ілгері емінген сабырсыздық бар. Ал арттағы, әдепкіден гөрі жақынырақ жерде келе жатқан жасауылдардың аттары зордың күшімен, әрең ілесетіндей.

Түйін сөздер: тарихи роман мәтіні, парцелляция, фраза, ой, сөйлем, адресат, стильдік мақсат, реципиент, прагматикалық параметрлер.

K.K. Ensebaeva,

Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
of Sarsen Amanzholov East Kazakhstan State University,
Kazakhstan, Oskemen, e-mail: kulash_EK9@mail.ru

Parceling in the text of a historical novel – rational method

Abstract. This article covers the questions of unique features of syntactic structures of the text of a historical novel. One thing that identifies the style of a writer is the syntactic structures he or she uses. One of the syntactic-stylistic methods that are used in the texts of historical novels is parceling. Parceling is the separation of phrases (sentences, phrases) using a word or a text that is closely connected to it. Correct and adequate interpretation of a written text depends on a high level of intellectual and emotional activity of a receiver. That is why the emotional condition of a recipient is a part of pragmatic parameters when it comes to linguistic researches in the modern pragmatic aspect of it. Showing one of Universe's images, the mental world of a person is shown through his or her speech that needs a communicative-pragmatic approach in the process of analysis of historical novels. In M. Magauyin's work, there is a stress that is put on a certain situation with the help of parceling. For instance, Oraz-Mukhamed looked at calmly walking Ai-Sheshek, on his left. Only her shadow is visible. Soundless. Motionless. Only her horse is trying to catch up with her. The headshaking makes the impatience visible. The squad was slowly walking behind.

Key words: text of a historical novel, parceling, phrase, thought, sentence, receiver, stylistic aim, recipient, pragmatic parameters.

К.К. Еңсебаева,

к. ф. н. доцент Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова,
Казахстан, г. Усть-Каменогорск, e-mail: kulash_EK9@mail.ru

Парцелляция в тексте исторического романа – рациональный способ

Аннотация. В статье рассматриваются некоторые особенности синтаксической структуры текста исторического романа. Следует отметить, что важнейшей сферой, представляющей стиль писателя, является синтаксис. Один из синтаксико-стилевых способов, в которых в тексте исторических романов используется актив, является явление парцелляции. Парцелляция – это самостоятельное разделение фразы, мысли, предложения, относящегося к нему либо тексту. Парцелляция – это разделение фраз (предложений, фразы) путем помещения одного слова или текста, тесно связанных с ним. Правильная, адекватная интерпретация письменного текста зависит от высокой интеллектуальной и эмоциональной активности получателя. Поэтому в лингвистических исследованиях в современном прагматическом аспекте есть полная основа для отнесения эмоционального состояния реципиента к прагматическим параметрам. Отображая один из образов вселенной, духовный мир человека проявляется в его речи, требующей использования коммуникативно-прагматического подхода в анализе исторических романов. В тексте произведения А.Кекильбаева и М. Мағауина предполагает акцентирование в конкретной ситуации способом парцелляции. Например, Ораз-Мухамед по привычке посмотрел на спокойно идущую Ай-Шешек слева от себя. Заметна лишь её тень. Бесшумный. Без действий. Лишь её лошадь стремится догнать. От покачивания головы замечается нетерпение. А позади идущий отряд следовал не спеша.

Ключевые слова: текст исторического романа, парцелляция, фраза, мысль, предложение, адресат, стилистическая цель, реципиент, прагматические параметры.

Кіріспе

Тарихи романдар мәтіні белгілі бір дайындықтан өткен, арнайы жиналып, сұрыпталған деректер негізінде түзілген тұтас бір ойды қозғауға арналған туынды екендігі аян. Бұл жазушының шығармашылық қызметінің жемісі, енді бірнеше сатыдан өтіп өңделген материалдың түпкі тұтынушыға, яғни оқырманға жеткізілуі мәтіннің бастапқыда өзіне жүктелген прагматикалық міндетті орындай алуы мәселесі бой көтереді. Бұл тікелей адресат жүзеге асыратын мәтінді интерпретациялау процесін бірнеше ғылым саласы тұрғысынан алып қарастыруға болатындығын білдіреді. Мұнда көркем шығарма мәтінінің синтаксистік құрылымының кейбір ерекшеліктері көзге түседі.

Әбіш Кекілбаев «Үркер» романында, М. Мағауин «Аласапыран» романында оның тақырыбын, мәтінде әңгіме еткен тарихи кезеңді, кейіпкерлерін, шығарманың сюжеттік негізін, айтпақ ойын, көздеген мұратын, оның шешімін айтпаған күннің өзінде, бұл мәтіннің тілі суреткердің даралық мәнері жағынан көзге жағымды көрінеді. Мақалада осы екі жазушының тарихи романдары мәтінінде кездесетін ұтымды тәсілге назар аударғанды жөн көрдік.

Жазушы Ә. Кекілбаев бұдан екі жарым ғасыр бұрын өткен тарихымызды, «қазақ халқы тағдырының алды үмітсіздеу, белгісіз бір кезе-

ңінде» Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей патшалығына бодан болуға әрекет жасаған кезеңіне назар аудартады. Сол міндетті тарих ғылымы мен қатар көркем әдебиет те мойнына алыпты. Бұл жүкті оның аса ауырлығына қарамай жазушы Ә. Кекілбаев арқалапты. Енді жазушының өзі жиі қолданған, өзіндік мәнерін танытатын және жоғарыда көрсетілген құбылыстардан өзгеше тұстарына назар аударалық. Ол тұстар стильдік амалдарға қатысты болып келеді.

Эксперимент

Синтаксис – жазушы мәнерін танытатын маңызды сала. Тарихи романдар мәтінінде актив қолданылған синтаксистік-стильдік тәсілдің бірі – парцелляция құбылысы. Парцелляция дегеніміз – фразаны, ойды, сөйлемді бөлшектеп, соған қатысты бір сөзді, не мәтінді жеке өз алдына аулақтатып орналастыру (Тураева З.Я., 1979: 118). Мысалы: Мына отырған білікті бектерге ешқашан жауласпаған, дауласпаған, бірақ шет көшіп, қиыр жайлаған жалайырдан тайталасып, төбелесіп бірге өскен найман жақын болып тұр. Жоқ. Мәселе онда емес. Иә. Оның мәні басқа. Жеке адамдарды алайық. Осылардың өзін. Бұлардың қасиеті... Дұрыс емес. Әркім өз орнында. Бірақ беделі неден? Томанды өз келесінен асқан көсем, жұрттан асқан шешен

дейік. Қалғандары неге жоғарлы-төмен отыр? Орындарын ауыстырса ... болмайды екен. Бек – білігімен емес, билігімен – қарауындағы бұқараның білегімен күшті. Міне, балта бегі төмен отыр. Жасының кішілігінен, ерлігінің кемдігінен емес, руының аздығынан.

Берілген үзіктегі *жоқ* және *ия* деген сөздерді жеке шығару арқылы оқырман назарын аударады. Ағайының арасындағы өзгеше қасиеттеріне мән бере қарау сияқты ұлттық мақсат көздейді. Бек пен бұқараның кейбір сипатын орындарына отыруының өзіндік мәнін танытады. Қайталама құбылысына ілінетін жалпы синтаксистік, морфологиялық единицалар да әр алуан (Ван Дейк Т.А., 1989: 207).

Көшпен жарыса жылжып келе жатқан қойшылардың ошағы. *Сирек. Аралары алыс.* Ал көктегі жұлдыздар жыпырлай көбейіп кеткен. Жымыңдай жамырап тұр. Айрықша жарық, үлкен жұлдыздарда көгілжім нұр бар. Ай-Шешек-бегімнің аты жоқ саусағындағы гауһар жүзік сияқты. Мүмкін, гауһардан да асыл тас болуы деп ойлады Ораз-Мұхамед. Жай ғана асыл емес, сәулелі асыл тас. Тәңірінің шырағы да тәңірі текті.

Берілген мысалдағы *сирек* пен *аралары алыс* сөздерінің дараланып берілуінде ерекшелік бар. Қойшылар ошағының сәулесінің алшақтығын сирек орналасуынан екенін көрсетеді. Көктегі жұлдыз бен ошақтағы сәулелің, гауһар тастың сәулелі асыл тастығын, тәңір шырағының өзгеше сипатын әр қырынан көрсету мақсатын көздейді.

Талқылау және нәтиже

Жазушы көркем мәтінде парцелляция арқылы белгілі бір ситуацияға екпін түсіру мақсатын көздейді (Лотман Ю., 1970: 47). Мысалы: Ораз-Мұхамед өзінің сол жағында, әдетінше сәл қалыңқы келе жатқан Ай-Шешекке қарады. Сұлбасы ғана қарауытады. *Үнсіз. Қимылсыз.* Астындағы аты ғана қатарласқысы келіп, тізгінін соза тартатындай. Көк шымды солқылдата басысында ілгері емінген сабырсыздық бар. Ал арттағы, әдепкіден гөрі жақынырақ жерде келе жатқан жасауылдардың аттары зордың күшімен, әрең ілесетіндей. Дүңкілдей жапырлаған тұяқ даусында, пысқырған дыбыстарында әлденедей самарқаулық бойкүйездік бар. Кейбіреулер, тіпті артқы ауылды қимағандай, немесе, үйір іздегендей оқыранып қояды.

Бұл үзіктегі *үнсіз* және *қимылсыз* сөздерінің оқшауланып берілуінде үлкен мән бар. Ай-Шешек-бегімнің үнсіздігін әрі қимылсыз екен-

дігін беру арқылы автор белгілі бір стильдік мақсат көздейді. Бір сөйлем ішінде ғана емес, қатар келген әр сөйлем сайын белгілі бір сөздерді, сөйлем мүшесін, оқшау сөздерді не тіпті бір сөйлемді қайталап отыру арқылы да сол жерде айтылмақ ойдың мағыналық негізіне назар аудартады (Лайонз Дж, 1978: 351). Мысалы: Азар ағайыннан игілікті хабар келгенде, қалған алаштан алалық күтпеген. *Рас.Алалық көрмеді.* Бірақ өзін жаға тұтқан, сөзін жарғы таныған жұрт та аз сияқты. Қадір-құрмет, рәсімді сыйлау ғана бар, Қалбалақтай құлаған ешкім жоқ.

Берілген *рас* пен *алалық көрмеді* сөздерінің көтерер жүгі ауыр. Азар ағайын мен жалпы алаштың ара жігін растаумен алалық көрсетуде мақсатты ойды танытады.

Көркем мәтінде аса күрделі, көп құрамды, ұзақ сөйлемдер жиірек кездесетіндігі ерекше көзге түседі (Нойберт А., 1985: 78). Өзі батыр, өзі ақылды. Жоқ, тым қатал. Бірақ қаталдық та керек-ау. Жаңағы Томан би ғой, Шах-Мұхамедпен олай сөйлесе алмас еді. Байқап көрсін! Шағым. Жоқ, одан гөрі *Есім* лайық. *Мейірбан. Кең.* Әзір Шағым сияқты атағы шықпағанмен, ерліктен де кенде емес. Ал Тұрсын ше? Әй, осы бәрінен Тұрсын жақсы-ау... Байсалды, парасатты, *Іскер.* Көрді ғой кеше. Қонысы бәрінен алыс еді, темірші, көміршісі елдің алдымен жетті. Рас, әлі ұрысқа кіріп, батырлығы сыналған жоқ. Бірақ атасы... *Атасы басқа!* Әйтсе де бөтен емес-ау. *Шөбере.*

Мұндағы *мейірбан* мен *кең* сөздері есімнің ерлігінен үміт күттірер сипатта. Ал осы үзіктегі *іскер* мен *атасы басқа* сөздерінің Тұрсынның байсалды, парасатты, іскерлігін бір ғана атасы басқалығы шайып кететіндігінен хабар береді. Әйтсе де оның *шөберелігі* ес жиып, етек жабуға ыңғай танытады.

Көркем дүниеде мақсатты сәтті бір сөзбен не тіркеспен даралап беруде, ол сөздің тұтас сөйлемнің жүгін арқалап тұрғанын көреміз (Бахтин М., 1975: 84). Мысалы: Күндіз үнемі Әз-ханымның қасында болады. Айбарлы әже сүйікті келінін оқытып, тоқытып жатыр. Ел билеуге, жұрт ұстауға. Ер күтуге, шымылдық сырына. Содан соң... Ділшатпен... өзімен күндес басқа әйелдермен қалай қатынас жасау керек... сол сияқты, өз басынан өткен даналықтарды ұғындырады. Ертеке – Ділшаттың өзін оқытады. Кейін Ай-Шешек пен Ділшат *оқыта бастайды* өз қыздары мен келіндерін. *Дұрыс.* Бәрі дұрыс *Ата* жорасы. Бас қатырар ештеңе жоқ. Қайта, қызық болуға тиіс. Одан да... Одан да басқа нәрсені ойлау керек.

Үзіктегі *дұрыс* бәрі *дұрыс ата жорасы* сөздеріне жазушы стильдік мақсат үстейді. Айбарлы әже Әз-ханым сүйікті келініне өмір тәжірибесінен өнеге көрсетіп, даналыққа баулиды. Автор Әз – ханымдай дана ананың әрекетіне деген сүйіспеншілігін бір-ақ ауыз сөзбен түйіндейді. *Дұрыс деп* ой түйе отырып, автор өмір өткеліндегі маңызды да мәнді нәрсеге оқырманды бағытайды. Мұнда стильдік сұраныс пен тілдік көріністің сәйкес түседі. Бұл – жазушы шеберлігін танытатын белгілердің бірі болып табылады (Хэллидей М., 1966: 31).

Осы ретте келесі мысалға қарасақ, Соның кесірінен ата-бабасынан тірек болып келе жатқан айбарлы руға – өз руына арқа сүйеу қиындады. Бектер бет-бетімен кетті. Сенімсіздік күшейді, күмән көбейді. Міне, төрт-бес атаның ғұмыры өтті, шар тараптағы дария мен көл қазақтың шалқар теңізіне құйылып жатыр, ал бұл – теріс ағып, кері тартпақ... Алайда, сабырмен артын тосқан. *Анығына жетпек*. Анығына жетіп барып жаманды қорқытар, жақсығаой салар, лайықты жазаға тартпақ. *Ай-Шешек*... Қадырғалидың келе жатқанын естісімен қасына алды. Бірақ тыңдамайды. Әкесін өлтіріп, қызын қатын қылған жалғыз бұл емес!

Үзіктегі *анығына жетпек* сөздері арқылы Ораз-Мұхамедті сабырға шақырады. Мұратқа жетудің жолы – сабырда. Ендеше сабырмен соның күтуде. Соны оңынан келсе анығына жетуге болады. Ай-Шешек – Бегімнің жолы бөлек. Ораз-Мұхамед соны түсінеген тәрізді. Шегінерге жол жоқ. Ұзақ сөйлемдердің оқырманды жалықтырмайтынына, ол тұстарды да бір демде оқып шығатындығына күмән жоқ. Бұған мазмұн мен түрдің үйлесімі, гармониясы себепкер (Beaugrande R.-A. 1981: 97).

Ораз-Мұхамед көріп отыр, кеш жолына жақындай бергенде ұлыс бегі аттан қарғып түсті де, тізгінді соңындағыларға тастай бере, белінен келген шалғында баяу жүзіп, қарсы жүрді. Осы сәтте сықырлай емініп барып, көк күйме де тоқтады. Сұлтан отырған орда ғана емес. *Бүкіл көш*. Ең әуелі, әрине, алдағы Әз-ханымның күймесі. Содан соң, сұлтан бастаған қалған жұрт. «Әйел араласқан іс қашан да осылай қағынады! – деп ойлады оқыс ызаланған Ораз-Мұхамед, Ісім құрдымға кетсін десең, тізгінді әйелге тапсыр. Қарашыға хан тоқтап сәлем берді деген осы!»

Мысалдағы *бүкіл көш* тіркесінде Ораз-Мұхамед бастаған орда мен көш легінің әрекеті көрінеді. Алдағы Әз-ханымның күймесі мен көштің толықтай тоқтауында үлкен мән бар. Тізгіннің әйел қолына көшуі қарашыға хан сәлем

берумен жалғасын табады. Айтпақ ойды әсерлі, бейнелі етіп білдіру үшін шешендік керек, шешен болу керек, ал сөз шешен болып шығуы үшін әсерлілік, образдық керек (Антуан Г., 1962: 447).

Автор парцелляция құбылысы арқылы айтылмаған сөйлемнің ішіндегі негізгі идеяны көрсетеді (Бахтин М. 1975: 53). Мысалы: Басынан бағы тайған, қолынан жұрты кеткен Көшіммен бауырласқанда не ұтпақсың? Кеше ғана әулетінді тұғырынан түсіріп, бүкіл қазаққа хукім жүргізгісі келген содырлы Шибанның ұрпағы емес пе еді. *Жеңілді. Жер болды. Бірақ көрге тықпадық*. Түбі бір – түптес дедің. Сенің көмегіңмен Сібір жұртын алды. *Қуандың. Қыз бердің*. Дос таптың деп едің, жау тауыпсың. Орныға сала ордалы жұртыңмен отасу орнына, ортаңа от тастамақ болды. Ата жауың Абдолламен тіл табысты. Ту сыртында отырып, желкенді қиюдан басқаны ойлаған жоқ. Ниеті бұзық мұсылманды қарындас көрген – кәпір болар. Жаттан жеңілді деп жауды аяған – мүсәпір болар. Тірі жүрсе тәңірі асырар, өлсе иманы жолдас, Көшімнің кесімді күні біткен, адам басы – Алланың добы, жазмыштан озмыш жоқ. Өз орданың тіреуі берік болуын ойла деді.

Мысалдағы *Жеңілді. Жер болды. Бірақ көрге тықпадық* сөздері бойында ыза, кек, намыс сияқты жүйкені қозғар күй байқалады. Бақ пен сордың арасы бір-ақ тұтам екенін осы сөздер арқылы түсінуге болады. Одан әрі *қуандың, қыз бердің* сөздерімен жалғаса береді. Өз ордасы мен өз жұртың ойламағанның көрер күні қандай болары сөз болады. Өзіңді өзің сыйласаң, жат жанынан түңілер деп ата-баба текке айтпағанын байқаймыз..

Сейтепкен жауласқанда не ұтпақсың? Бабасы – бабаңа қол ұшын берген, аталары – аталарыңа қызмет қылған. Ту тіккен Тұрасынан қуылды. Барар жер, басар тау таппай, қазақ байдың аяғына келіп жығылды. *Теннедік*. Тік көтеріп қайта тұрғыздық. Сенің көмегіңнен ата-қонысын алды. Тәубасынан жаңылып, тәңірісін ұмытса – зауалын тапты. Енді қайда барады? Жыланның үш кессе – кесірткелік халі бар деген. От өшсе – орнында күлі қалар деген. Ол да қауқарсыз әулет емес-ті.

Мысалдағы *Теннедік*. Әдетте тебу сөзі жан-жанурға қатысты қолданылады. Мұнда алдыңа келсе, атаңның құнын кеш деген мән бар. Туыс ағайын табуға байланысты түйткіл *теннедіктің* арқасында шешімін тапқан сынай танытады.

Тең азамат – анда болмақ, текті ауылдар құда болмақ. Андалық – *ақыл ісі*, құдалық – *құдай ісі*.

Бұл – кеңшілікке, кеңесті күнге лайықты сөз екен. Ал аумалы – төкпелі заманда, аласапыран кезеңде бәрі басқаша. Жақсы көрмесең де қатар тұрып қылыш сілтесесің, жаның сүймесе де қыз алысып күйрық бауыр асасасың. Сейтектің бой жеткен қарындасы бар, деген Қадырғали. *Меңді-Жамал – бегім*. Десе дегендей. Бетінде қара меңі... уылжыған балғын өңі... Ораз-Мұхамед шоршып түсті. «Мен – байталы бар ауылға нокталап апара беретін бақа айғыр емеспін», – деген. Қадырғали үгіттей бастады. Жастық шақтың қызығы – ойын-күлкіде. Ата салтын атап кеткен ешкім жоқ. *Асауды ауыздықтайтын – бұғалық, алысты ағайындастыратын – құдалық*. Өзің үшін емес, *өзегі бір жұрт үшін*. Ораз-Мұхамед иіліп барып қайта серпілді. Болмайды. Аталас ағайынды от басына тартамыз деп жүргенде бірге туған бауырды жұрттан бездіріп алса қайтпек. Абалық сұлтан дәл осы жолғы тәлкекке көнбейді. Бұл сөзге Қадырғали да тоқтаған. Тоқтап барып қайта бастаған. Әрине, қыз алу – құрмет. Бірақ қыз беру қорлық емес. *Меңді-Жамал – бегім* – бетінде қара меңі бар, уылжыған балғын жан. Алысты ағайындастырған да сол. Аумалы төкпелі заманның басты заңдылығынан асуға болмады, аса да алмайды. Ата салтынан аттау – үлкен күнә.

Берілген үзіктердегі Андалық – *ақыл ісі, құдалық – құдай ісі. Меңді-Жамал – бегім. Асауды ауыздықтайтын – бұғалық, алысты ағайындастыратын – құдалық* сияқты парцелляциялар алдыңғы сөйлемдер ішіндегі бір ойды даралап көрсетіп оған экспрессиялық үн үстеп тұрады.

Денесінде жаудан түскен жарақат жоқ аламан аз. Ал құс салған таңбасы бар саятшы – сирек. Сирек болғандықтан да қадірлі. Жау жарақаты – ерлік белгісі болса, саят таңбасы – епсіздіктің емес, қыранның ерекше мінезінің, құсшының көпті көргендігінің белгісі іспеттес. Кәнігі саяхатшы, әккі құсбегілердің өзінің арасында бетті тыртық, қолы кеміс, тіпті, көзі кеткен кісілер ұшырасады. *Мақтаныш ізі*. Қызықты әңгіме арқауы. «Баяғыда, пәлен деген қыран құсым пәлен жағдайда...» Бірақ мұндай жарақат іздері қарапайым құсшылардың денесінен ғана табылса керек-ті. Ал Ораз-Мұхамедпен бастас қауым ішінде кімде бар мұндай жарақат! Сондықтан да ерекше.

Жоқ! Ораз-Мұхамед кесіп айтты, Абалақ сұлтан әлін білсін. Аса айтқан артық сөзін кешу – оспадар ойына өріс жоқ!.. Әйтсе де донайбатпен ғана шектелген, өзіне қызмет көрсетуге әзірлік танытқан сұлтанға іші жылып қалып еді. Ал, *Ділишат-сұтаным...* Осы

өткен наурыздың алдында ғана, әлденеше жылға парапар төрт ай бұрын ауыл сыртында, көк мұзды жарып шыққан сары ала қамыс арасында кездескені есіңс түскен. Қыздың өзін қаншалықты қызумен құшақтағанын енді ғана байыптап отыр. Өзі де... жақсы, өте жақсы көріп еді-ау. Ал қазір... соншама үзілістен соң тұман пердесі жаңа ысырылғандай. Бар түр-тұлғасы, сыр-сымбатымен көз алдына келе қалды, Бірақ жақын тартқан жоқ. *Суық. Алыс. Рас, риза болды*. Ақыл-парасатына, мінезіне қаныққандай. Айқас десе қаны қызатын, төбесінен торғай асырып көрмеген Абалақ сұлтанды басып, сабасына түсіріп, иіп, бері бұру араздық жолынан татулық жолына көшіру – оңай емес, әрі қатпары мол игі іс. Сонда да сүйе алмайды. *Жоқ!* Бірақ амал не, басқа әйелдердің бәрінен (Ай-Шешек деп атап айтуға дәті бармады, мейлі, қай атасы екеумен тоқтапты!) сол Ділишаттың еңсесі биік болмақ, тізгінді сұлтанмен бірге ұстамақ, бәлкім, кейін тіпті... Әйтсе де, Ділишаттың Өз-ханым әженің өзі арқылы айтқан сәлемі: «Білемін, менен бақыт тайған; етегімді жыртып, есігінде өлу үшін ғана барамын. Басқа айтарым жоқ сұлтанға», – деген сөзді ұмыта алмайақ қойған. Бұл – өзі таныған Ділишаттың аузынан шығар кеп емес-ті.

Берілген үзіктердегі *Мақтаныш ізі. Жоқ! Ділишат-сұтаным Суық. Алыс. Рас, риза болды Жоқ* сияқты сөздер оқшаулана отырып оқырман назарын өзіне аудартады. Әр сөзге жеке-жеке тоқталып оның астарынан қажетті ойды түйесіз. Алаш ұранды қазақ ұлын тегіс билеген хан болар сәті қаншама қызғылықты көрінгенімен, Ораз-Мұхамед өзінің кейінгі кезде қалыптасқан әдетінше, таяудағы екі-үш жылдан арғы уақыт туралы ойламауға тырысты.

Ендігі кезекте Әбіш Кекілбаевтің «Үркер» романы мәтініне келсек, «Қазақтың қазақ екенін білгің келсе, халық екенін білгің келсе, мамыр өте Мәртөбеге кел дейтін сөз де содан қалғанды» деп баяндаған автор әрі қарай бір бетке жуық Тоғыз абзақты «*Мамыр өте Мәртөбеге келсең*» деп бастайды. Осының алдындағы «*Сайрамдағы жиын тұсында*» дегенді де әрқайсысы екі-үш сөйлемнен тұратын үш абзақтың басына шығарып, осы қайталама арқылы Сайрамдағы жиынның қазақ қауымы үшін моральдық мәні қандай болғанын баса көрсетеді.

Парцелляцияланған, сөйлемнен бөліп шығарылған, «оңаша отау етіп қондырылған» сөздер де қайталама әдісінің объектісі болып кетеді (Сыздық Р., 1997: 56). Мысалы, мына жерде *сықыр-сықыр* сөзі парцелляцияланып берілген: Қимылдаса болды – аяғындағы құрым

етігі (сықыр-сықыр) сарнап қоя береді. *Сықыр-сықыр, сықыр-сықыр*. Қойбағардың құлағына сол бір жексұрын үн майдай жаға ма... қойқаң-қойқаң етіп, байыз тауып отыра алмағаны. *Сықыр-сықыр...* Қойбағар ырғала басып сыртқа шықты. *Сықыр-сықыр...* Қойбағар хан ордан ұзап барады. *Сықыр-сықыр...* Мұнда автор қайталама сөзге екі-үш жүкті бірақ артқан: ол сөйлем ішінен бөлініп жеке шығуымен (парцелляциялануымен) ой қазығын терең қадай түседі, ал ой қазығы жалпы етіктің сықырын білдіру емес, Әбілқайырдың орыс патшасына жіберген өтінішін қабылдамай, саба қарын, сары ала иық шон-жарлардың (орыс билеушілерінің) мұның есек дәмесін мазақ еткен сық-сық күлкісі болып естілген беймаза көңіл күйін көрсетеді.

Шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылысы – өте ұтымды, әсерлі тәсіл. Ол – стильдік категория болып табылады. Қайталама дегеніміз бір сөздің (не тіркестің, сөйлемнің) бір сөйлемде, не абзац, шумақ сияқты микротексте қайталанып келу амал-тәсілі. Қайталаманы жазушы көркем мәтінде әр алуан стильдік мақсат көздеп жұмсайды.

Қайталама элементтер «Үркердің» мәтінде молынан кездеседі, жеке, сөздерді, жеке сөйлемдерді ғана емес, шылауларды да, жалғауларды да бірыңғай мүше сайын қайталап келтіру – жазушының жиі қолданған стильдік амалдарының бірі. Әдетте бірыңғай мүшелерді санамалап келіп, тиісті септік жалғауын ең соңғысына жалғау – жалпы синтаксистік норма, ал әрқайсысы сайын жалғап айту – қайталаманың ерекше түрі; Мысалы, *Ұрыс даласында ұланына, тайшысына, зайсанына, ноянына, сардарына* қауіп төнген кезде қол ұшын бермеген адам ғана өлім жазасына кесіледі

Мұндағы бірыңғай мүше болып тұрған топтардың атауының әрқайсысын қосымшамен беруі – автордың олардың бәріне де жеке-жеке ой екпінін түсіргісі келгенін көрсетеді. Көркем мәтіндегі қайталаманың типтерін іздестірген зерттеуші болса, Ә. Кекілбаевтың «Үркерінен» оның не бір түрлерін таба алады: қайталама элементтердің орны, морфологиялық тұлғасы, синтаксистік қызметі жағынан топтап қарастырса, бұл құбылыстың стильдік орны айқындала түсері сөзсіз (Сыздық Р., 1997: 82).

Жазушы қаламына тән келесі дара ерекшелік *синтаксистік* құрылым аясынан табылады. Авторлық баяндауда аса күрделі, көп мүшелі ұзақ сөйлемдер едәуір жиі кездеседі және олар көбінесе кейіпкердің ойымен, таным-түсінігімен, көзқарасымен берілген мәтін құрайды. Мыса-

лы, араннан аман шығып, тамағын тойғызатын топқа кездесіп, мәз болып отырған күйін автор өзі баяндағанмен, жарты беттік бір сөйлем Итжестің ойымен беріледі. Ой тұтас болу үшін сөйлем шығыс септіктегі сөзбен аяқталатын бірыңғай синтаксистік оралымдармен берілген. Мұндай «салмақты» сөйлемдер романның өн бойынан кездеседі, өйткені бұл шығарма жеке оқиғаларды автор атынан баяндаудан гөрі, сол оқиғаларды кейіпкерлердің ойымен, еске алуымен, болжауымен беретіндіктен, романның синтаксистік бітімін осыған сәйкестендіру әрекеті көзге түседі.

Қорытынды

Жазылған мәтіннің дұрыс, адекватты түсіндірілуі қабылдаушының жоғары интеллектуалдық және эмоционалдық белсенділігіне, қабілетіне байланысты болады. Сондықтан қазіргі заманғы прагматикалық аспектідегі лингвистикалық зерттеулерде реципиенттің эмоционалдық күйін *прагматикалық параметрлер* қатарына жатқызуға толық негіз бар (Лукин В.А., 1999: 65). Ғаламның бір бейнесін көрсете отырып, адамның рухани әлемі оның сөйлеу әдебінен көрінеді, тарихи романдар мәтінін талдауда коммуникативтік прагматикалық әдісті қолдануды қажет етеді. Берілген мысалда *мақтаныш ізі* – үшеу. Олар білек ішінде үш бұрыштана, үш нокат түрінде біткен. Сол іздің бойында озған дәурен, өткен күн тіпті бүкіл өміріндегі ең бақытты сәттің болуы да мүмкін. Қалай дегенмен жоғарыда берілген парцелляциялық құбылыс түрлі әрекет пен жайкүй, ситуациядан хабар береді. (Сыздық Р., 1997: 82).

Ізінше орыстың тәуібі келіп еді. *Саңылаусыз екен. Тіл білмейді*. Ораз-Мұхамед сөйлесуге тырыспады да. Бас өзімдікі ғой деп, ырқына көне берген. Тәуіп сұлтанның таптақыр төбесіне әлденендей май жағып, уқалап, көп әуреледі. Содан соң ақ дәкемен тартып байлап тастаған. Онымен шектелмеді Қайратты, жұмсақ қолдарымен Ораз-Мұхамедті етпеттете жығып, арқасына әлденендей май жақты. Әуелде доңыздың майы ма деп тітіркеніп еді. Бірақ оның исі сүйкімсіз болса керек еді. *Сұйық*. Жылқы майына ұқсас. Қаз майы болып шықты. Сонда ғана есіне еміс-еміс бірдеңелер түсті. Мана, ойанғанда түсім шығар деп еді. Күзға, тұнғытқа құлаған. Түнекте денесін аяз қарып калтырап тонған. *Өлген*. Басына біреулер келген. Дәл осындай жұмсақ қол... Тәуіпке тесіле қарады. *Таныс сияқты*. Бұрын

қайда көрді? Тілсіз тәуіп шаруасын тамамдаған-соң басын изеп жымыды. Ораз-Мұхамед те бас изеген. Тәуіп екі саусағын көрсетіп, көзін жұмды. Енді тапжылмай екі күн ұйықтау керек? *Жоқ.* Сен екі түн ұйықтадың... екі түн өліпжаттың... Сен екі түн ес-түссіз жаттың! Әрине, жарақаттан мес, дерттен. *Суық өткен..*

Мысалдағы *Саңылаусыз екен. Тіл білмейді. Сұйық. Өлген. Таныс сияқты. Суық өткенсияқты* парцелляцияланған сөздер (сөйлемнен бөліп шығарылған) Ораз-Мұхамедтің ат-матымен суық Ертісті кешкені, үсті-басы малмандай болып, дірілдеп тонғаны сұлтанның есіне түсті. Ышқына шырқ айналған. Азат күні мен қазіргі халін салғастырып қарағанда іші-бауыры шат-шәлекей-араласып, өкпе-жүрегі езіліп кеткендей көрінді. Теріс қараған беті тіл қатпай қатып қалған. Кешіне нәр сызбаған. Талмаусырап, талықсып жатқан екі тәуліктен соңғы үшінші түнді көз ілмей, кірпік қақпай өткізіп еді. Бірақ соққының ауыры – алда екендігінен хабар береді.

Берілген мысалдардағы алғашқы сөйлемдер абзац бойындағы ең негізгі ақпараттық бөлімді білдіретін кілт фразаларды құрайды. Демек бір абзацтың бойындағы ең негізгі ақпарат деп танылған сөйлем кілт фраза болып табылады. Ал кейінгі сөйлемдер абзацтың ойды таратып жеткізуші бөліміне негізделіп, айтылған ақпараттың мәнін-түсіндіруге, толықтыруға, дамытуға бағытталады. Бұндай модель бойынша құрылған абзац коммуникатор мен реципиент үшін өте қолайлы, себебі адресат мәтінді оқу барысында ең алдымен негізгі деп танылған ақпаратты құрайтын бірінші сөйлемді оқи отырып, ойдың әрі қарай даму желісін оп-оңай таба алады. Мәтінді зерттеушілер абзац құрылымына баса назар аударуы тиіс (Бенвенист Э., 1974: 67). Абзацтың өзіндік құрылымы тұтастай алғанда бүкіл мәтіннің композициялық түпкі ойын жеткізуші элементтердің бірі болып табылады. Алайда абзац құрылымын зерттеу тек автордың прагматикалық мақсатын, түпкі ниетін ғана емес, көркем мәтіннің белгілі бір алгоритмін құрауға қатысты қандай да дидактикалық мақсатты да айқындауды көздейді (Шалабаев Б., 1994: 78).

Жалпы көркем мәтінге тән ең жиі және кеңінен қолданылатын мынадай жүйені көрсетуге болады: Мәтіннің тақырыптық бөлігі; Мәтіннің кіріспе бөлігі; Негізгі ақпаратты дәйектеуші бөлік; Жинақтаушы – мәре бөлік; Түйін. Әр бөліктің арқалайтын мағыналық – мәндік жүгі болады. Көркем мәтінде осы бес бөліктің бәрі бірдей болуы шарт емес. Мәтіннің бұлайша мағыналық-құрылымдық бөлшектерге бөлінуі лингвостилистикада адресаттың мәтінді интерпретациялауы мәселесі айрықша маңызға ие болады (Тер-Минасова С.Г., 2018: 211). Ешбір реципиент мәтінді оқып отырғанда оны саналы түрде бөлшектеп жатпайды, басқаша айтқанда, оқырман кез келген мәтінге көз жүгіртіп шығады. Ал көркем мәтінде айтылған ойдың дұрыс түсінілуі белгілі бір дәрежеде сана астарында жүзеге асырылатын процесс деп таныған жөн (Купина Н.А., 1980: 32).

Жазбаша мәтіннің бір ерекшелігі-адресантқа оның аудиториясының мақсаты анық көрінбеуі де мүмкін. Егер адресант пен адресаттың мақсаты, интенциялары сәйкес келіп жатса, онда сөйлесім актісінің тиімділігі мен оның жүзеге асуы ойдағыдай болғаны. Сонымен, мәтін лингвистикасында тіл бірліктерінің функционалдық аспектісін мәтін иесінің (субъектінің) реципиенттерге ықпал ету ниетінен туындаған мақсатын, жағдаяттың әсерінен болып жататын сөйлесім актісінің жүзеге асуын түсінеміз.

Көркем мәтіннің формасы мен функциясы тілді қарым-қатынас құралы ретінде танытады. Сондықтан да қазіргі кезде мәтін лингвистикасында мәтіннің зерттеу нысаны анықталып, толыққанды мәртебесін алды деуге болады. Мәтінге деген қызығушылық оны әртүрлі аспектіде қарастыруға мүмкіндік жасап отыр. Бір сөйлем ішінде ғана емес, қатар келген әр сөйлем сайын белгілі бір сөздерді, сөйлем мүшесін, оқшау сөздерді не тіпті бір сөйлемді қайталап отыру арқылы да сол жерде айтылмақ ойдың мағыналық негізін қалайды. Сөйтіп, тарихи романдар мәтінде кездесетін парцелляция – стилдік-синтаксистік тәсілдің белгілері болып табылады. Ол – тарихи роман авторлары таңдаған ұтымды тәсілдерінің бірі.

Әдебиеттер

- Тураева З.Я. Категория времени. Время грамматическое и время художественное. – Москва, 1979. – 219 б.
 Ван Дейк Т. А. Язык. Познание. Коммуникация. Пер. с англ. / Сост. В. В. Петрова под ред. В. И. Герасимова. – Москва.: Прогресс, 1989 – 312 с.
 Лотман Ю. Структура художественного текста. – М., 1998. – 285 б.
 Лайонз Дж. Введение в теоретическую лингвистику. – Москва.: Прогресс, 1978. – 543 с.

- Нойберт, А. Текст и перевод. Лейпциг, 1985. – 165 б.
- Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. – Москва, 1975. – 504 б.
- Хэллидей, Майкл. Сопоставление языков / Майкл Хэллидей. – Лондон, 1966. – С. 28 – 39.
- Beaugrande R.-A. Dressler W. Введение в лингвистику текста. Лондон. Нью-Йорк. 1981. – 320 б.
- Антуан Г. Разговорный язык и его литературные транспозиции в современном французском. Акты международных конгрессов романской лингвистики и филологии. Т.2. – Страсбург, 1962. – С. 440-461.
- Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Санат, 1997- 223 б (Еңсебаева К.К. «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» материалдарының жинағы (1/3)).
- Лукин В.А. Художественный текст: Основы лингвистической теории и элементы анализа. – Москва, 1999. – 192 б.
- Бенвенист, Э. Общая лингвистика: пер. с фр. – Москва: Прогресс, 1974.
- Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 128 б.
- Рухани жаңғыру: Жаңа гуманитарлық білім, Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық. Светлана Григорьевна Тер-Минасова (М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дін профессоры) «Тіл және мәдениетаралық коммуникация». – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б. (Москва, 2008)
- Купина Н. А. Лингвистический анализ художественного текста. – Москва, 1980. 78 б.

References

- Antoine G. (1962.). La langue parleeeses transpositions litterairesdans le franaiscontemporain. Actes du X-e Congres International de linguistique et philology romanes. T.2. Strasbourg. 1962. Pp. 440-461.(Transl. from Frans.)
- Bakhtin M. (1975). Voprosyliteraryiestetiki [Questions of literature and aesthetics] Moscow. 1975. 504 p. (In Russian)
- Beaugrande R.A. de, Dressler W. (1981). Introduction to text linguistics. L: N.Y. 1981. Pp 320 (Transl. from Frans.).
- Benvenist E. (1974). General linguistics. Moscow. Progress 1974. (Transl. from Fr.)
- Halliday Michael (1966). Language comparison. London. 1966 Pp. 28-39. (Transl. from Engl.).
- Kupina N.A. (1980). Lingvisticheskyyi analiz hudozhestvennogo texta [Linguistic analysis of literary text] Moscow. 1980. 78 p (In Russian).
- Lotman Y. (1998). Structura hudozhestvennogo teksta. [The structure of the artistic text] Moscow. 1998. 285 p. (In Russian)
- Lukin V.A. (1999). Hudozhestvennyi tekst: Osnovy lingvisticheskoyteoryii element analiza [Literary text: Fundamentals of linguistic theory and the elements of the analysis] Moscow. 1999. 192 p. (In Russian)
- Lyons J. (1978). Introduction to theoretical linguistics. Moscow. Progress. 1978. 543 p. (Transl. from Engl.)
- Neubert A. (1985). Text and Translation, Leipzig, 1985. 165p. (Transl. from Frans.).
- Shalabaev B.(1994). Korkem proza tili. [the Language of literary prose] Almaty: Bilim. 1994. 128 p.(In Kazakh)
- Syzdyk R.(1997). Soz kudireti.[Living word] Almaty: Sanat. 1997. 223p (Ensebaeva K.K. «Altaiy – turki aleminin altyn besigi» materialdarynyn jinagy) (In Kazakh)
- Ter-Minasova, Svetlana Grigoryevna (2018) (MGU. M.V. Lomonosov-Professor of religion) Ruhani zhangyru:Jana гуманитарлық bilim, kazak tilindegi 100 jana okulyk [a New liberal education, 100 new textbooks in the Kazakh language].”Til jane madenieta-ralyk kommunikciya” [Language and intercultural communication] Almaty: National translation Bureau, 2018. 320 p. (Moscow, 2008) (In Kazakh).
- Turayeva Z.Y. (1979). Kategoriya vremeni. Vremya grammaticheskoye i vremya hudozhestvennoye [Category of time. Time grammatical and art time] Moscow. 1979. 219 p. (In Russian)
- Van Dijk T.A. (1989). Language. Knowledge.Communication: lane with English. comp. PetrovV.V under the editorship of V.I. Gerasimov. Moscow: Progress. 1989. 312 p.(Transl. from Engl.).